

может не отразиться в повседневной речи. В этом заключен неизбежный и неиссякаемый источник метафоры «в быту».

Литература

1. Баранов, А.Н., Добровольский Д.О. Немецко-русский русско-немецкий словарь лингвистических терминов: с английскими эквивалентами.- М., 2006. 496 с.
2. Кобозева, И.М. Лингвистическая семантика: Учебник/Изд.2-е М., Едиториал УРСС, 2004.-352 С.
3. Арутюнова, Н.Д. Метафора и дискурс//Теория метафоры.- М., 1990.- 510 с.
4. Петров, В.В. Язык и логическая теория: в поисках новой парадигмы//Вопросы языкознания.- 1988.-№2.- С. 39-48.

Түйін

Бұл мақалада когнитивтік метафораның теориялық аспектісі жан-жақты қарастырылған.

Resume

The article examines cognitive metaphor as the theoretical aspects.

Ахмедова А.Н.,

білім маманы, оқытушы

Абылай хан атындағы ҚазХҚЖәнеӘТУ

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ, МІНДІТТЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Өткен ғасырдың соңында, ғасырлар тоғысқан тұста әлемдік озық лингвистика тілтануының теориялық бағыттарын құрылымдық лингвистикадан өзгешелеу, антропоцентристік парадигма негізінде – яғни тілді жеке адаммен, оның ойлау өрісімен және рухани-практикалық қызметімен байланыстыра қарауға бұрып отыр. Когнитивтік, антропологиялық лингвистика деп аталатын мүлде жаңа салалардың қатарында соңғы бес-алты жылдың төңірегінде «лингвомәдениеттану» деген бағыт та аталып келеді. Бұлардың қай-қайсысы да қазақ тілі білімінде төселе қоймаған соңғы салалар.

Лингвомәдениеттану лингвистика мен мәдениеттану арақатынасы нәтижесінде пайда болған, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейтін ғылым. Лингвомәдениеттану термині ХХ ғасырдың 90-шы жылдары өз бетінше жеке лингвистикалық бағыт болып қалыптасты. Мұның төңірегінде үлес қосқан мынадай орыс лингвистерді атауға болады: В.В. Воробьев, В.А. Маслова, Ю.С. Степанов, Н.Д. Арутюнова, В.Н. Телия, В.М. Шаклеиннің еңбектері ықпал етті.

Лингвомәдениеттану тілді мәдениет құбылысы ретінде қарастырады. Өйткені, тіл мәдениетпен тығыз байланысты, тіл мәдениеттің бір құрамдас бөлігі. Бұл ғылыми саланың міндеттеріне тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың, тіл мен ұлттық ділдің өзара тығыз байланысын айқындау жатады. Тіл мәдениет және этнос өзара тығыз байланысты. (Маслова, 28)

Лингвомәдениеттанудың өзіндік мақсат-міндеттері бар, ол “тарихи да, қазіргі заманның да тілдік айғақтарын рухани мәдениет арқылы зерттейді” [Маслова, 11]. Оның басты міндеті «тіл мен мәдениеттің өзара қатынасын қазіргі заман мәдени-ұлттық сана-сезім тұрғысынан қарастырып және оның тілдегі көрінісін зерттеп, сипаттау» Телия, 15]. Бұл сайып келгенде мәдениет пен тілдің тарихи табиғатымен тікелей байланысты.

Лингвомәдениеттану “мәдениет пен тілдің өзара қатынасының тілдегі көрінісін зерттейді және бұл үрдісті тілдік және тілдік емес (мәдени) мазмұнды біртұтас бірлікте, біртұтас құрылым ретінде кешенді әдістемелер көмегімен және де қазіргі заманның басты бағыттары мен мәдени ұстанымдарына сәйкес зерттейтін қосымша түрдегі кешенді ғылым” болып табылады [Воробьев, 36-37]. Лингвомәдениеттанудың басқа тіл мен мәдениет арақатынасын зерттейтін ғылымдар салаларынан тағы бір ерекшелігі — оның кез-келген нысаны зерттеуде тілдік және мәдени контекстерді тең қарастыруы. Қазіргі уақытта лингвомәдениеттанудың диахроникалық, салыстырмалы, салғастырмалы және лингвомәдени лексикография салалары айқындалды. Соңғысы “белгілі бір тіл мен мәдениеттің байланысын практикалық мақсатта атап айтқанда, шетел тілін оқыту әдістемесі мен аударматану зерттейтін этнолингвистиканың қолданбалы бөлігі — елтанумен” [Карлинский, 40] тығыз байланысты.

Жалпы этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың ерекшеліктері мынада десек дұрыс болады деген ойдамыз: этнолингвистикалық зерттеу белгілі бір этностың немесе этномәдени аймақтың ортада болса, лингвомәдениеттану салыстырмалы және салғастырмалы түрде зерттеуге негізделген; этнолингвистикалық зерттеуде тілдік белгілермен қатар, түрлі ритуал формаларын қайта жаңғырту жұмыстарын мақсат етіледі; этнолингвистикада мәдениеттің материалдық жағына көбірек көңіл бөлінсе, лингвомәдениеттануда рухани жақтары, яғни дүниетаным негіздері, діл, ұлттық психология, ұлттық рухани моральдық құндылықтар айқындалады; этнолингвистикалық зерттеу нысаны негізінен мәдениеттің фольклор үлгілерінде көрініс тапқан дүниелер лингвомәдениеттануда тарихи және қазіргі замандағы ұлт өкілдерінің, яғни мәдениет пен тіл иелерінің құндылықтарды танудағы өзгерістерді де зерттейді; этнолингвистикалық ізденістерде тілдік материалдарға көбірек көңіл бөлсе, лингвомәдениеттануда тілдік және мәдени контекстер тең қарастырылады; этнолингвистикалық зерттеулерде тілдік, атап айтқанда этимологиялық әдістемелер басым қолданылса, лингвомәдениеттануда танымдық лингвистиканың, ассоциативті психологияның т.б. салалардың озық әдістемелері, кешенді түрде өзіндік қолданыс табады.

Сонымен лингвомәдениеттану пәні «адамзаттың мифологияда, аңызда, әдет-ғұрыпта, салт-дәстүрде, поэтикалық және прозалық көркем мәтіндерде, фразеологияда, метафора символ мен паремияда көрініс тапқан архетиптік, прототиптік сана нәтижелерін қорытындылайтын және мәдениетте символдық, эталондық, образды-метафоралы мағына қабылданған тілдік бірліктер болып табылады (Маслова, 36).

Лингвомәдениеттанудың жоғарыда атап кеткен бағыттары ішінде салыстырмалы лингвомәдениеттану өзінің жаңадан қалыптасу кезеңінде екендігін осы сала мәселелері бойынша іргелі ғылыми еңбектердің біріне саран екендігін (10,131) дәлелдеуде.

Қазіргі таңға дейін лингвомәдениеттану саласында (бірнеше бағыттар қалыптасып үлгерді. Олар:

1. Жеке әлеуметтік топтың, этностың лингвомәдениеттануы, яғни белгілі лингвомәдени оқиғаны белгілі бір кезеңде мәдениетпен байланыстырып зерттеу;

2. Тарихи лингвомәдениеттану, яғни этностың лингвомәдени жағдайының белгілі бір кезеңде өзгеруін зерттеу;

3. Салыстырмалы лингвомәдениеттану, яғни әрқелкі, бірақ бір - бірімен тығыз байланысты этностардың лингвомәдени көріністерін зерттеу;

4. Салғастырмалы лингвомәдениеттану. Енді ғана дамып келе жатқан сала. Ол қазіргі таңда бірнеше ғана ғылыми еңбектерде бой көтерген.

5. Лингвомәдени лексикография, бұл сала лингвотанымдық сөздіктерді құрастырумен айналысады. Бұл сала басқаларға қарағанда қарқынмен дамып келеді. (Дәлел ретінде Д.Г. Мальцеваның лингвостану сөздігінің мазмұны 25 ірі тақырыптық бөлімдерден тұра ындығын айтуға болады)

Сонымен, лингвомәдениеттану - ұлттық тілге енген және тілдік үрдістерде көрініс табатын материалдық және рухани мәдениетті зерттейтін ғылым.

Лингвомәдениеттану тәсілдері болып тіл мен мәдениет ара - қатынасын зерттеуде қолданылатын аналитикалық амал-тәсілдер, ережелер мен іс - әрекеттердің жиынтығы есептеледі.

Лингвомәдениеттанудың негізгі қолданылатын ұғымдары: мәдени тіл, мәдени мәтін, мәдени контексті, мәдениеттің негізгі (шартты) атаулары, мәдени құзырет, мәдени мұра, мәдени дәстүр, мәдени процесс, мәдени қалыптасулар.

Тіл мен мәдениет жемісі, оның маңызды құрамдас бөлігі және мәдениеттің өмір сүру жағдайы деп К.Леви-Стросс атап көрсеткен.

Лингвомәдениеттанудың зерттеу құралы болып, мәдени мәліметті оның барлық қалыптасуы мен ерекшеліктерін жеткізуді және тілдің көмегімен бұл мәдениетті қалыптастырушы адамның тілмен арақатынасын зерттеу болып табылады. Олардың қатарына берілген мәдениетке ғана тән, сондай-ақ ерекшелігін суреттейтін эквивалентсіз тілдік бірліктер, сөздер мен сөз тіркестері жатады. Мифтік қасиетке тән тілдік бірліктер: мифология,

тілде қамтылатын наным – сенімдер, салт – дәстүрлер, ритуалдар, эталондар, стереотиптер, белгілер, бейнелер, сөздің ішкі көріністері, сөйлеу этикеті тілдің тұрақты тіркестері, яғни фразеологиялық бірліктер және тағы басқалары.

Әр халықтың мәдениеттерінің арасындағы айырмашылықтардың бар екендігі ақиқат. Алайда XX ғасырдың өн бойында жалпы тіл білімі теориясында белгілі бір объективті факторларға байланысты тіл мен мәдениет өзара қатынасы көмескіленіп, мәдениет ұғымы ұлтқа қатыссыз, ұлттық бітімнен бөлек, өзге мәдениеттермен синтездеуге болатын категория ретінде абстрактілі түрде ұғындырылғаны мәлім. Ал жана қоғамдық қарым-қатынастарға көшкен қазіргі қауымдастықтың сипаты ұлттық бітімді танытатын өлшеусіз құндылықтарының бірі — төл мәдениет, екіншісі — төл тіл екендігін мойындатып отыр. Бұл қос қатар, бір-біріне ықпалдас, бірінен-бірі ажырамайтын құндылықтар қазіргі қоғам талабы алға шығарған жеке адамды тәрбиелеу, жеке адамның интеллектуалдық ой-өрісін дұрыс қалыптасу бағытының негізіне айналып келеді.

Қорыта айтқанда, лингвомәдениеттану ғылымы шетел тілін оқытуда кең бағыт-бағдарын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. М., 1997. 206 стр.
2. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методологии и теории. А: КазГУМОиМЯ им. Абылай хана, 2005.
3. Лихачев Д.С. Культура как целостная динамическая система // Вестник Рос. Акад! Наук. №8, 1994, 721-725 стр.
4. Лотман Ю.М. О семантическом механизме культуры // Лотман Ю.М. Избранные статьи. Таллин, 1993.
5. Мурзин Л.Н. О лингвокультурологии, ее содержании и методах. Екатеринбург. 1996. 392 стр.
6. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологические аспекты. М., 1996. 300 стр.

Резюме

В данной статье речь идет о направлении лингвокультурологической науки и ее применение в обучении.

Resume

The given article is devoted to the directions of linguacultural science and its usage in training.

SOCIOLINGUISTIC AND CULTURAL ASPECTS OF AMERICAN IDIOMS

Sociolinguistics is the study of language and its relationship to society. Sociolinguists analyse how outside factors – class, gender, ethnicity, and so on – influence the acquisition and development of language in particular groups.

Sociolinguistics is a term including the aspects of linguistics applied toward the connections between language and society, and the way we use it in different social situations. It ranges from the study of the wide variety of dialects across a given region down to the analysis between the way men and women speak to one another. Sociolinguistics often shows us the humorous realities of human speech and how a dialect of a given language can often describe the age, sex, and social class of the speaker; it codes the social function of a language [1].

As participants of cross-cultural relations, individuals come across contrasting cultures. Differences in language, national cuisine, clothes, norms of behaviour, treatment of work responsibilities can cause cultural clashes. However, the roots of cross-cultural clashes are beyond visible distinctions. They lie in a different attitude to the whole world and other people. To overcome misunderstandings, people should realize that they tend to perceive other cultures through their own. Thus, their observations are restricted by the native culture. It is difficult to grasp the meaning of words and actions which are not characteristic of their culture.

Language is a reflection of culture and culture shapes language. Idioms are an important part of the language and culture of a society. In exploration into the unknown world, idioms reflect the transformation in conceptualization of the universe and the relationship between human beings and the universe. Therefore, idioms as a form of a language reflect culture in a concentrated way. Their proper use in a language is often a mark of a person's command of the language. Speech or writing without them lacks color and is uninteresting, but overuse or improper use makes the language sound affected and unnatural.

The word "culture" suggests that there is a separate entity within the larger society with which the larger society must contend. A subculture group is a social-cultural formation that exists as a sort of island or enclave within the larger society. One definition of subculture is: "Subcultures are meaning systems, modes of expressions or life styles developed by groups of subordinate structural positions in response to dominate meaning systems, and which reflect their attempt to solve structural contradictions rising from the wider societal context" [2].

It is well known that the study of a language constantly requires an interpretation of socially determined meaning, and, by the same token, that culture intermeshes with language. This interplay between language and society manifests itself in three basic ways: in the influence of society on language, in the co variation of linguistic and social phenomena, and in the influence of language on society.

